

Өнімнің каталог парағының нысанын бекіту туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 291 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 24 қазанда № 8836 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 11 сәуірдегі № 208 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 11.04.2019 № 208 (11.04.2019 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Техникалық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының екінші бөлігінің 10) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған өнімнің каталог парағының нысаны бекітілсін.
2. "Өнімді каталогтау парағының нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрінің 2012 жылғы 14 қыркүйектегі № 320 бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 7945 болып тіркелген және 2013 жылғы 24 қарашадағы "Егемен Қазақстан" газетінде № 771-775 (27847) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Б.Б. Канешев) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми түрде жариялауды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар бірінші вице-министрі А.П. Рауға жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа технологиялар
министрі

Ә. Исекешев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Статистика агенттігінің

төрағасы

_____ А. Смайылов

2013 жылғы 18 қыркүйек

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының
Индустрия және жаңа технологиялар
министрінің
2013 жылғы 23 қыркүйектегі № 291
бұйрығымен бекітілді
өкімшілік деректерді жинауға арналған
нысан

Өнімнің каталог парағы

Есептік кезең: түсуіне қарай

Индексі № 1-ӨКП нысан

Кезеңділігі: ақпараттың жаңартылуына байланысты

Қазақстан Республикасының өнімді өндірушілері өнімді шығарған мерзімнен бастап Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің облыс Департаменттеріне тапсырады.

1. Өндіруші туралы мәліметтер	
1	Ұйымның атауы
2	Бірінші басшының Т.А.Ә.А.
3	Лауазымы
Заңды мекенжайы	
4	Облыс
5	Қала
6	Елді мекен, басқасы
7	Индекс
8	Көше, үй, кеңсе
9	Әділет органдарында мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәліктің №
10	БСН
Негізгі мекенжайы	
11	Облыс
12	Қала
13	Елді мекен, басқасы
14	Индекс

15	Көше, үй, кеңсе
16	Телефон (облыстың, елді мекеннің кодын қоса алғанда)
17	Факс (облыстың, елді мекеннің кодын қоса алғанда)
18	Web-сайт
19	Электронды мекенжай
2. Өнім туралы мәліметтер	
20	ЭҚТ ӨЖ бойынша өнім коды (6 белгі деңгейінде)
21	СМЖ коды
22	Өнімнің атауы
23	Шығарылатын өнімнің суреттері
24	Өнімнің қысқаша сипаттамасы
25	Өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын технология
26	Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың шартты белгіленуі
27	Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттың қолданылу мерзімі (егер өнім ТШ бойынша өндірілетін болса)
28	ҰСТ түпнұсқасын ұстаушының атауы (егер өнім ҰСТ бойынша өндірілетін болса)
29	ҰСТ түпнұсқасын ұстаушының мекенжайы
30	ҰСТ түпнұсқасын ұстаушының телефоны/факс
31	Өнімнің сәйкестік сертификаты /сәйкестігі туралы декларация нөмірі және берілген күні
32	Өнім шығаруды бастаған күні
3. Өнімнің каталог парағын тіркеу туралы мәліметтер	
33	Толтырды (ұйымның атауы, Т.А.Ә.А., күні, телефоны)
34	Тіркеді (ұйымның атауы, Т.А.Ә.А., күні, телефоны)
35	ӘАОЖ бойынша қаланың (облыс) коды

"Өнімнің каталог парағы" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Өнімнің каталог парағын толтыру уәкілетті органның www.memst.kz сайтында орналасқан өнімді ақпараттық каталогтау жүйесінде жүргізіледі.

Өнімді ақпараттық каталогтау жүйесінде титул парағын толтыру талап етілмейді.

2. Өнімнің каталог парағын бір нормативтік құжат бойынша шығарылатын бір немесе бірнеше нақты бұйымдарға толтырады. Әртүрлі нормативтік құжат бойынша өндірілетін бірнеше өнім түрлеріне бір каталог парағын толтыруға рұқсат етілмейді.

3. Шығарылатын өнім бойынша кез келген ақпарат болмаған жағдайда, өнімнің каталог парағының тиісті алаңында "сызықша" белгісі қойылады.

4. "Өндіруші туралы мәліметтер" бөлімі:

Реттік нөмірі 1-жолда құрылтай құжаттарына сәйкес өндірушінің атауы көрсетіледі. Егер ол заңды тұлғаның құрылтай құжаттарында көзделген болса, өндірушінің атауын қысқартып көрсетуге жол беріледі.

"Зауыт", "фабрика" деген сөздерді қысқартпай толық жазу керек.

Атаудың орнына аббревиатуралар келтіруге жол берілмейді, мысалы, ПТЗ, АЗТМ. Қажет болған жағдайда, осындай шартты белгілерді толық атаудан кейін жақшаның ішінде көрсету керек.

Жеке тұлғалар үшін олардың тегі, аты, әкесінің аты толық көрсетіледі.

Реттік нөмірі 2-жолда өндіруші – кәсіпорынның бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты толық көрсетіледі.

Реттік нөмірі 3-жолда өндіруші – кәсіпорынның бірінші басшысының лауазымы көрсетіледі.

Реттік нөмірлері 4, 5, 6, 7, 8-жолдарда атауы реттік нөмірі 1-жолда көрсетілген өндірушінің атауы, заңды мекенжайы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 9-жолда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген өндірушінің мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы куәлігінің нөмірі көрсетіледі.

Реттік нөмірі 10-жолда өндірушінің – бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі. Егер ол болмаған жағдайда, салық төлеушінің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Реттік нөмірлері 11, 12, 13, 14, 15-жолдарда атауы реттік нөмірі 1-жолда берілген өндірушінің заңды мекенжайы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 16-жолда алдыңғы жақшаның ішінде қала (аудан) коды көрсетілген өндірушінің телефон нөмірі көрсетіледі.

Реттік нөмірлері 17, 18, 19-жолдарда өндірушінің байланыс құралдарының кодтары қамтылады.

5. "Өнім туралы мәліметтер" бөлімі:

Реттік нөмірі 20- жолда ҚР МЖ 04 – 2008 "Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші" бойынша өнімнің алты таңбалы цифрлық коды көрсетіледі. Егер өнімнің каталог парағы толтырылған өнім аталған жіктеушінің бір сыныбының ішінде бірнеше жіктеуіш топтарға жататын болса, онда жоғарыда тұрған жалпы топтама коды көрсетіледі.

ЭҚТ ӨЖ бірнеше кодын өнімнің каталог парағында көрсетуге жол берілмейді.

Реттік нөмірі 21-жолда МЖ (ИСО/ИНФКО СМЖ) 001-96 (стандарттардың мемлекетаралық жіктеуіші) бойынша өнімнің кодтық белгіленуі көрсетіледі.

Реттік нөмірі 22-жолда нормативтік құжат бойынша нақты өнімнің атауы және шартты белгісі көрсетіледі, оның негізінде өнімнің каталог парағы толтырылады.

Егер нормативтік құжат бір және сол жіктеуіш топтарына жататын өнімнің бірнеше нақты түрлеріне қойылатын талаптарды белгілейтін және ЭҚТӨЖ бойынша бір кодқа ие болса және сапа көрсеткіштері бірдей болса, онда өнімнің атауы мен белгіленуі (бар болса) үтір арқылы белгіленеді.

Өнімнің ұзақ атауын олардан қосымша ақпараттарды алып тастап, қысқартып жазу ұсынылады.

Өнім атауында жекелеген сөздерді қысқартып жазуға, сондай-ақ қазақ, орыс және латын әріптерінен басқа, ұлттық алфавиттер символдарын (әріптерін) пайдалануға жол берілмейді.

Реттік нөмірі 23-жолда шығарылатын өнімнің суреті көрсетіледі.

Реттік нөмірі 24-жолда өнімнің тағайындалуы туралы мәліметтер және оның тұтынушылар үшін айтарлықтай қызығушылық тудыратын негізгі сипаттамалары, оның ішінде сапа көрсеткіштері, мөлшері, дайындаушы көрсеткіштері, пайдаланудың кенілдендірілген мерзімі көрсетіледі.

Реттік нөмірі 25-жолда өнім өндірілген технологияның атауы көрсетіледі.

Реттік нөмірі 26-жолда Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын нормативтік құжаттың шартты белгілері көрсетіледі.

Реттік нөмірі 27-жолда нормативтік құжаттың қолданысқа енгізілуі мен қолданылу мерзімінің аяқталуы айының екі цифры, күнінің екі цифры және жылының төрт цифры көрсетіледі.

Егер өнімнің каталог парағы қолданысқа енгізілген күні көрсетілмеген құжат негізінде толтыратын болса, онда осы жолда осы құжаттың бекітілген күні көрсетіледі.

Реттік нөмірі 28-жолда кәсіпорынның (ұйымның) - ҰСТ түпнұсқасын ұстаушының қысқартылған атауы көрсетіледі.

Реттік нөмірлері 29 және 30-жолдарда кәсіпорынның (ұйымның) - ҰСТ түпнұсқасын ұстаушының заңды мекенжайы және алдыңғы жақшаның ішінде қала (аудан) коды көрсетілген кәсіпорынның телефон/факс нөмірі көрсетіледі.

Реттік нөмірі 31-жолда өнім міндетті түрде сертификатталуға тиіс болатын жағдайлар үшін өнімнің сәйкестік сертификатының/сәйкестігі туралы декларацияның нөмірі және берілген күні көрсетіледі. Егер өнім міндетті түрде сертификатталуға тиіс болмаған жағдайда, "Тиіс емес" деген жазба көрсетіледі.

Реттік нөмірі 32-жолда өнімді шығара бастаған күннің екі цифры, айдың екі цифры және жылдың төрт цифры көрсетіледі.

Өнімді шығаруды бастау жоспарланған күнін көрсетуге жол беріледі.

6. "Өнімнің каталог парағын тіркеу туралы мәліметтер" бөлімі:

Реттік нөмірі 33-жолда өнімнің каталог парағын ұсынған уәкілетті тұлғаның тегі, өндірушінің атауы (қажет болған жағдайда қысқарту) толтырған күні және қала коды көрсетілген телефоны көрсетіледі.

Реттік нөмірі 34-жолда өнімді ақпараттық каталогтау жүйесінде өнімнің каталог парағын тіркеуді жүзеге асыратын маманның тегі, қолы, тіркеген күні және қала коды көрсетілген телефоны көрсетіледі.

Реттік нөмірі 35-жолда ҚР ҰК 11-2009 "Әкімшілік-аумақтық нысандар жіктеуіші" атты ұлттық жіктеуіш бойынша қала (облыс) коды көрсетіледі.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі

ЭҚТ ӨЖ – Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші

ӘАОЖ – әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуіші

СМЖ – Стандарттардың мемлекетаралық жіктеуіші

ҚР СТ – Қазақстан Республикасының ұлттық стандарты

ГОСТ – мемлекетаралық стандарт

ИСО – Халықаралық стандарттау жөніндегі ұйым бекіткен халықаралық стандарт

ҰСТ – ұйым стандарты

ТШ – техникалық шарттар